

БИЛІКТЕН БИІК ТҰЛҒА

Мақұлбек Айбек

history_11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Елемесов.

Егеменді ел болғалы тарихымыздағы ұлы тұлғаларымызды еске алып, олар жайлы кітаптар, мақалалар жазып, фильмдер түсіріп келеміз. Әсіресе, өткен ғасырдың қиыншылық жылдары халық қамы үшін күресе білген ұлт қайраткерлері қазіргі қоғамда жиі айтылады. Дегенмен, есімдері елеусіз қалып, атын бүгінгі ұрпақ біле бермейтін тұлғалар да баршылық. Соның бірі Қазақ КСР Үкіметін 13 жыл басқарған кемеңгер тұлға– Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов. Биыл Нұртас Оңдасыновтың туылғанына 125 жыл толады екен. Осы орайда кемеңгер тұлғаның қазақ халқы үшін жасаған жанашырлығын, ел үшін атқарған қызметін, қандай тұлға бола білгендігін жазуды жөн көріп отырмын.

Нұртас Оңдасынов өз өмірбаянында: «Ата-анамның айтуынша мен, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов, 1904 жылдың 26 қазанында Түркістан ауданындағы Үшқайық ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келіппін. Ата-анамның бұл қуанышына барлық ағайын-туыстары өздерінің шын ниеттерін білдіріп, ақ баталарын беріп, Құдайдың берген ұлы ғой, оның ең сенімді елшісі болғай деп маған «Нұрмұхаммед» деп азан шақырып ат қояды. Қазекем оны күнде шұбалтып айтып жатсынбай, «Нұр» деген түбірін қалдырып, өмірі тастай берік болсын деген ниетпен «Нұртас» атап кеткен екен. Кейін осылай болып документке жазылып кетті» деп жазады [1,7б.].

Расымен, ағайынның ақ тілегі қабыл болды ма, Оңдасынов қазақ халқы үшін Құдайдың халыққа жіберген елшісі іспеттес еді. Өмірі шынымен тастай берік болып өтті: қазақтың кейбір өңірлері өзге елдерге берілмек болғанда оған тас камал болып қарсы тұрды. Оған мысал, соғыстан кейінгі жылдары қазақ жері ханталапайға түскен тұста Хрущевке тойтарыс бола білуі. Тың игеру жылдары КСРО Министрлер кеңесінде: «Солтүстіктегі бес облысты Ресейге беріп, үлкен астықты аймақ жасайық, бидайды ресейліктер жақсы өсіреді» деген уәж айтылады. Сонда Нұртас Оңдасынов: «Солтүстік облыстардың қосылу-қосылмауын сіз бен біз шешпейміз, жалғыз Үкімет шешпейді, ол облыстарда тұрып жатқан сан мыңдаған халық бар, сол халық шешеді! Ал, тынды көтерсек көтерейік, Үкімет оған қарсы емес, бірақ аштық жылдарында жан-жаққа тарыдай шашылып кеткен қазақтарды жинап, туған жеріне оралтып, сосын көтерейік!» дейді [2,24 б.].

Оңдасыновтың жер үшін жанашырлығы жалғыз бұл емес. Керек десеңіз, Батыс пен оңтүстіктің шет мемлекеттерге өтуіне жол бермей, соның жолында қызметінен кетті емес пе? Ол кезде өзбек басшылығы мақта егеміз, экономиканы көтереміз, мал көбейтеміз деген сылтаумен қазақ жерлерін арендаға алып, бермей қоятын құдіретке ие еді. Оңдасынов оған да тосқауыл бола білді және ол туралы былай деп естелік қалдырады:

«Соғыс бітіп, ел есін жиып үлгермеген жылдар. Мәскеудегі өтетін жиналыстарға жиі барамыз. Бір жолы сондай бір жиынды Украинаның сол кездегі басшысы Н.С.Хрущев жүргізді. Оның қасында Өзбекстанның жетекшісі Осман Юсупов жайғасыпты. Мәжіліс залына кіргенімде екеуі сыбырласып отыр екен. Шынымды айтсам, екеуін де аса ұната қоймайтын едім, сондықтан көздеріне түспейін деп арт жаққа отыра беріп едім, Хрущев көріп қалды да:

Оңдасынов тұр орныңнан! Сен неге өзбектерге ана үш ауданды бергің келмейді, өзбектер мақтаны жақсы егеді!-деді діңкілдеп. Мына сөзі менің шынбайыма батып кетті.

Ол үш аудан менің жерім емес, оны беру-бермеуді халық шешеді. Ал, мақтаны біз де жақсы өсіреміз, өткен жылы жоспарды асыра орындадық!-дедім.

Хрущев қып қызыл болып кетті. Ашулы үнмен «Отыр!» деді. Оған айтқызып отырған Осман Юсупов екені даусыз. Өйткені, оның өзі маған бір мәрте жеке шығып, осы үш ауданды сұраған болатын, сонда мен: «-Сіз де бір республиканы басқарып отырсыз. Сізден қырғыздар немесе түркімендер үш емес, бір ауданыңызды сұраса берер ме едіңіз?!»-дедім. Уәж айта алмай қалған болатын. Өзінің сөзі өтпеген соң Хрущевті айтақтап салып отырған түрі ғой!» [2,31 б.].

Елі мен жерінің тағдырына басшы нақ осындай-ақ болар! Бұдан асқан қандай жанашырлық керек?! Бүгінгі басшыларымыз үйренерлік-ақ үлгі мен өнеге емес пе?!

Нұртас Оңдасынов еңбек жолын 1927-1930 жылдары Ташкенттегі орман және су шаруашылықтардағы қызметтен бастаған. Себебі, ашаршылық жылдары Түркістаннан нанды қала Ташкентке көшіп кетіп, өлімнен аман қалған. Сонда жүріп Ғани Мұратбаев ұйымдастырған мектеп интернетта, кейін орман шаруашылығы техникумында білім алады.

«Білген кісіге қазақтың біраз игі жақсысы Ташкент қаласында қанат қаққан. Қажет болса, қазақ жерінен опа таппаған қазақ зиялыларының барып паналайтын жері де осы Ташкент шаһары болған ол жылдары» [3, 26-27 б.]. Атап айтсақ, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Ғани Мұратбаев тағысын тағы. Солардың бірегейі Нұртас Оңдасынов.

Ташкенттегі қызметтен кейін Оңдасынов 1934-1938 жылдары Қазақстандағы орман шаруашылығының басшылық қызметінде болады. 1938 жылдың ақпанында Семейдегі облыстық Советтер атқару комитетін басқарады да, осы жылдың шілде айында Қазақ КСР Үкіметінің Төрағасы болып тағайындалады. Ол қызметті 1951 жылға дейін басқарады.

Бүгінгі ел мен жер тізгінін қолына алам деген әрбір азаматқа Оңдасынов жер үшін жанашырлығымен ғана емес, осы қызметтегі адалдығымен де үлгі боларлық. Өйткені, ол кісі ар-атақтың артынан кеткен жоқ. Ар-намысты әрқашан биік қойды, адал еңбек етті. Ғұмыр бойғы биліктегі қызметін: «Ешқашан ешкімнің қанын мойныма артқан емеспін-арым таза, ешкімнің ешқашан руын сұраған емеспін-жүзім таза, ешкімнен ешқашан пара алған емеспін-қолым таза» деп түйіндеді [1, 14 б.]. Дінмұхамед Қонаев та Оңдасыновтың атақтан жанын аулақ салатын, тік сөйлейтін мінезі жайлы былай деп естелік қалдырады:

«1944 жылдың екінші жартысында республика партия ұйымының басшылығында ауыс-түйіс болып, Н.А.Скворцов Халық Комиссарлығына тағайындалады да соңғы июль айының пленумын өзі басқарып кетеді. Осы пленумда біраз басшылар өзара сынға алынды. Дәл осы жолы Қазақ Халком Кеңесінің және Министрлер Кеңесінің Төрағасы Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы сөз сөйлей келе, соңында:

Қызмет бабында кұрдай жорғалаған жағымпаздардан іргеңді аулақ салған жөн – деп еді, «Казахстанская правда» газетінің редакторы Нефедов орнынан атып тұрып:

Жағымпазыңыз кім, ашып айтыңыз, - деп қақпайлай берді. Нүрекең құланның қасуынына мылтықтың басуы дөп келгендей, сол жерде қасқайып тұрып:

Жағымпаздың көкесі – мына Сіз! – деп, сілтеп-ақ жіберді. Нефедовтың аузына құм құйылды. Нұрекең сөзін аяқтап, мінберден түсіп бара жатты.» [4. 35-36 б.].

Ол кісінің биліктегі адал еңбегін көнекөз қарияларымыз, замандастары жақсы біледі. Сыр ақыны Әбділда Тәжібаев ол кісіге арнаған «Нұртас Оңдасынов» атты өлеңі де Оңдасыновтың бойындағы асыл қасиетінен басталады:

«Пенсияға кетем деп ойламаған, -
Басын іске бағыштап қойған адам.
Басқамызша мақтатып өзін-өзі,
Елу жасын шулатып тойламаған.
Көрген емес ешкімге өзін пұлдап,
Алдамайтын көзімен я жылпылдап.
Мол тануға, білуге құмартатын,
Үлкеннің де, кішінің сөзін тыңдап...»

«1954 жылдың наурыз айында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Төрағалығына сайландым. Қалың бұқараға жақынырақ жерге сұранып, бұл қызметтен босандым. Кейінгі 7 жылым Груевте өтті. Онда 2 жыл облыстық Советтер атқару комитетінің төрағалық, 5 жыл Қазақстан КП Гурьев облыстық комитетінің бірінші хатшы қызметін атқарып, содан, аман-есен партия және халық алдында есебімді беріп, 1962 жылы пенсияға шықтым» [2, 14 б.].

Ия, Оңдасыновтың осы бір естелік сөздері ол кісінің өз халқын шын сүйе білгендігін көрсетеді. Әбіш Кекілбаевша айтсақ, «Шын жанашыр» адам. Айтпақшы, Кекілбаевтың жазушылықпен айналысып, әдебиет саласына бет бұруына Оңдасыновтың ықпалы тиген. 50 жылдары Алматыға өнер көрсетуге келген Маңғыстаулық мектеп түлектерін ауылдарына қайтармай, Оңдасынов «Маңғыстауда бұларсыз да малшы жетеді. Ал, жоғары білімді мамандар жетіспейді. Жастарды жолдарынан қалдырмаңдар. Одан да оқуға түсуге талап қылсын»-деп алып тойтарыс беріпті. Кейін Мәскеуде пенсияға шыққан Нұртас атамыз Кекілбаевтың «Үркер» кітабын көріп, баяғы 1957 жылдың жазында болған оқиғаны ойына алып, «Егер сол жолы ауылдан шығармай алып қалсақ, Әбіштің таудай талабын орға жықпайтынымызға кім кепіл болар еді?!»-деп масаттанып еске алған екен. Ал, Әбіш Кекілбаев; «Жиырмасыншы ғасырдағы Қазақстан тарихында елеулі орны бар абзал азаматтың тек осы бір қылығының өзі-ақ оның ел болашағына, жастар тағдырына қаншалықты нәзік қарағандығынан хабар бере алғандай. Ал, оның ұлттық руханиятымызға шын жанашыр болып оған өз үлесін қосып өткенін бүкіл ел біледі ғой» - деп Оңдасыновтың жанашырлығы жайлы жазды.

Гурьев облысына басшы болып Оңдасынов келісімен мұнай іздеу мен өндіруді қатты қолға алады. Қазақ жастарын Үкімет қаражатымен оқуға жібертті, барлаушы, геолог, геофизик мамандарын көбейтті. Қысқасы Оңдасынов мұнай төңірегінде бөгделердің емес, қазақтардың, ашығын айтқанда жергілікті жердің өкілдерінің еңбек етуін ойлайды. Бұрын егін екпейтін Маңғыстау өңірінің шаруашылығын дамытты. Мемлекетті ең қиын шақта 13 жыл үздіксіз (1938-1951) басқарған басшының мол білімі мен тәжірибесі арқасында шаруашылығы жағынан артта жатқан Гурьев облысы (қазіргі Атырау мен Маңғыстау облыстары) күн санап көтеріліп келе жатқанда бұған дейін де талай шүйліккен Хрущев қаһарына мініп, 58 жастағы Нұртас Оңдасыновты зейнеткерлікке кетуге мәжбүрлейді. Республиканың басшылары, оның ішінде мемлекет ісіне баулыған өз шәкірті Д.Қонаевтың арашаға түсе алмады. Қазақ халқы үшін еңбегі ұшан-теңіз Оңдасынов зейнеткерлікке шығып, кооперативтен үй алып, оған ақшасы жетпей, қайын-жұртынан қарыз алып, елден жырақ Мәскеу асып кете барды.

Гурьев облысындағы Оңдасыновтың атқарған еңбегінің нәтижесі-қалың бұқараның ыстық ықыласы еді. Ол жайлы мемлекет және қоғам қайраткері Сағидолла Құмашев төмендегідей естелік қалдырады:

«1963 жылы шілдеде, облыс ауылшаруашылығы озаттарының жиналысына құрметті қонақ ретінде Мәскеуден Нұрекенді шақырдық.

Мен баяндаманың орта кезінде Нүрекеңің атына, еңбегіне жылы сөздермен, облыс еңбекшілері атынан алғыс айттым. Залда отырған 700-дей адам орындарынан тұрып, ду қол шапалақтады. Озаттарға сыйлықтар тапсырылды, сөйлеу басталды.

Бір кезде Нүрекеңе сөз бердік. Бүкіл жұрт тағы да орындарынан тұрып ұзақ қол шапалақтап Нүрекеңе ерекше құрмет көрсетті. Нүрекең трибунада біраз күтті. Жұртты әрең отырғыздық. Енді Нүрекең үндемейді, тұр, алдында бір бет қағазы. Байқаймын қатты қобалжып тұр. Жұрт та сезді, ел қайтадан орындарынан тұрып, ду қол шапалақтап, отырмайды. Менің екі жағымда өлкенің басшылары Н.И.Журин мен Р.О.Шаяхметов кезекпен етегімнен тартады. Жұрт отырсын дегені ғой. Әреңдеп елді отырғыздық, Нүрекең де озаттарды құттықтап, рахметін, тілегін айтты. Жұрт оның орнына әбден отырғанша тұрып, қол шапалақтаумен болды. Кешінде, біздің үйде, осы жайлы еске алдық. Сонда Нүрекең тағы да тебіреніп: Өмірімде осынша құрмет көргенім жоқ, осындай қобалжыған да жоқпын. «Ел – алтын бесік» деген халық, мені Атыраулықтар алтын бесікке салып тербеді ғой. Алтын бесіктің үстінде отырған кісінің көзі ештеңені көрмейді екен, – деді. Маған Нүрекең мақтанышқа бөленіп, тебіреніп отырған секілді көрінді. Реті де солай еді. Сол жолғы халық ықыласы – Нұртас Оңдасыновтың адал еңбегінің бағасы, Ұлы азаматқа деген Атырау елінің таза махаббаты. Таза пейіл – таза адамға ғана арналады екен. Сол жолы мен соны ұқтым» [5, 21-22 б.].

Нұртас Оңдасынов зейнеткерлікке шыққаннан кейін ғылыми-әдеби жұмыстарымен айналысады. Қызметте он жыл орынбасары болған Д.Қонаев:

"Жауапты қызметте жүріп, шығармашылықтан қол үзбейтін. Араб, парсы тілдеріне жүйрік еді. 1962 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылықпен шындап айналысқан. 1969 жылы "Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі", 1974 жылы "Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі" жарық көріп, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленді" — дейді [4, 42 б.].

Халық арасында өткен ғасырда қазақ жері бөліске түскелі тұрғанда жанашырлық танытқан Жұмабек Тәшеновтың ерлігі көп айтылады. Ал, оның қасында билікке Тәшенов келгенше, ел іргесін сөктірмеген Нұртас Оңдасынов есімі елеусіз қалып қояды. Біз ол кісілерді бөліп жармаймыз, тек Оңдасыновтың аты өз деңгейінде халыққа, жастарға дәріптелмей жатқанына көңіліміз толмайды. «Сүйікті отаным мені үш рет Ленин орденімен, екі рет Еңбек Қызыл ту орденімен, көптеген медалдарымен, Құрметті грамоталарымен наградтады» [1, 14 б.]. Осылай деп жазған кемеңгер тұлғаның кітаптағы не суреттегі бейнесін көрген бүгінгі ұрпақ ол кісіні «Ұлы Отан соғысының ардагері» деп ойлауы қалуы мүмкін. Себебі, бүгінгі ұрпақ Оңдасыновты, оның қазақ тарихында орнын біле бермейді. Ал, біз секілді тарихшылардың міндеті – ел мен жер тағдыры қиын шақта тұрғанда өз қара басымен кетпей, қазаққа қамқорлық жасап, жер үшін жанашырлық танытқан Оңдасынов, Тәшенов, Қонаев секілді тұлғалардың есімдерін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, үлгі ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оңдасынов Н.Д. Қысқаша өмірбаян. – Москва, 1986
2. Оңдасынов Н. Ой-толғаныстар мен естеліктер /құраст. Г.Оразалиева. – Астана: Елорда, 2004.-280б.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Түркістан: Тұран, 2006.-365 б.
4. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай: естелік-эссе. – Алматы: Дәуір, Ынтымақ, 1992.-445 б.
5. Құмашев С. Нұртас Оңдасынов: естелік